

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## Тәуелсіз еліміздің қасиетті белгілері

ЖАРИЯЛАНДЫ  
19.01.2023СІЛТЕМЕ  
https://bilimger.kz/129193/

Пәннің аты: Тәрбие сағаты	Күні: 11.12.2018 ж.
Мектеп: №26 ЖББМ Сынып: 5 «Г»	Бекітемін: Барақбаев А. Мұғалім: Болысбекова А.Б.
Сабақтың тақырыбы:	«Тәуелсіз еліміздің қасиетті белгілері»
Сабақтың мақсаты:	Оқушыларды еліміздің тәуелсіздік алған жылдар ішіндегі жеткен жеңістіктерімен таныстыру, әлем таныған ел екенін дәлелдеу, білімдерін кеңейту. Болашақ ұрпақтың рухани тұлғалық және адамгершілік құндылықтарын дамыту. Отанын сүюге, ел тарихын білуге, еліміздің мемлекеттік рәміздерін қастерлеуге, отанымыздың байлығын қорғауға, елімізді өркендетуге білімді ұрпақ болуға тәрбиелеу.
Көрнекілік:	Бейнебаян. Қазақ елі суреттері, Қазақстан Республикасының рәміздері: Туы, Елтаңбасы, Әнұраны. Н. Ә Назарбаевтың суреті.
Кіріспе бөлім	Сәлеметсіңдер ме, оқушылар! Сендер алда қандай мейрам келе жатқанын білесіңдер ме? Мен бүгінгі тәрбие сағатымызды мына өлең жолдарымен бастағым келіп отыр: Тәуелсіздік бізге оңай келмеді. Жұртым менің не қиындық көрмеді? Жылап тұрып аналарым бұл жолда, Сан перзентін қара жерге жерледі. Тәуелсіздік бізге оңай келмеді. Асау аттай өз тізгінін бермеді. Қазағымның алтын басын илтіп, Талай дұшпан төрімізге төрледі. Оқушылар мына өлең жолдарынан қандай ойға келдіңдер? (оқушылар өз ойларымен бөліседі)

<p><b>Негізгі бөлім</b></p>	<p>1986жылы 16-желтоқсанда таңертең, Алматыда жаппай толқу басталды. Жастар алаңға жинала бастады. Алаңда «Біз қазақ, ежелден еркіндік аңсаған», «Әрбір ұлтты өз көсемі басқарсын», «Тәуелсіздік керек»,-деген урандар айтылды.</p> <p>Алматы гарнизонын жауынгерлік дайындыққа келтіріп, көп күшпен алаңдағы жастарды қоршап алды. Алматыға әр аймақтардан әскердің арнайы бөлімдері жіберілді. Өз елінің тәуелсіздігін талап етіп, шеруге шыққан жастарға «Бұзақылар», «Ұлтшылдар», «Нашақорлар», -деген кінә тағылды.</p> <p>Көптеген студент жастар түрмеге қамалды, оқу орнынан шығарылды. Тәуелсіздік жолында Қайрат Рысқұлбеков, Ләззат Асанова, Ербол Сыпатаев, Сәбира тағы басқалары сияқты қазақ жастары желтоқсан оқиғасы кезінде қайсарлықпен ерлік көрсетіп құрбан болды.</p> <p><b>Ал, енді Қазақстан тәуелсіздік жолында атты видеоролик арқылы тәуелсіздік үшін құрбан болған жандар туралы бірақ мәліметтер аларсыңдар деп ойлаймын.</b></p> <p>Енді, балалар сендерді желтоқсан оқиғасының құрбандарымен таныстырғым келеді. Осы қаһармандарымыз болмағанда, бүгін біз Тәуелсіздік қол жеткізіміз екі талай еді.</p> <p>1986 жылы Алматының бас алаңына жастар жаман ойме барған жоқ. Олар бейбіт жолмен тәуелсіздікке қол жеткізу үшін қатысқан.</p> <p>Енді міне, осы желтоқсан көтерілісіне қатысқан ағаларымыз бен апаларымыздың арқасында ата-бабаларымыз үш ғасырға жуық уақыт бойы армандаған тәуелсіздікке қол жеткіздік. Бұл оқиға дүниені дүр сілкіндірді. Бұл желтоқсан көтерілісіне қазақ ел аузында жүрген, тарихта аты қалған Қ.Рысқұлбеков, Л.Асанова, С.Мұхаметжанова, Е.Сыпатаев апаларымыз бен ағаларымыз қатысты.</p> <p>Сәбираның оқу орнында ата-анасын шақырып үлкен жиналыс өткізеді. Ұзақ кінәлап, жала жауып «Қызыңыз тентекгенсіз» деген ұстаздарының сөзі жанына аяздай батты Ақ самайлы анасын аяды.</p> <p>Күтпеген жерден: «Бәріне кінәлі мен, жазалаңдар мені. Оларды оқу орнынан қумандар! Шеруді де мен ұйымдастырдым. Бәріне мен жауап беремін» - деп кесіп айтқан сөзінен жиналғандар сілтідей тынды. Сәбира жиналысты тастай, сыртқа қарай жүгіре жөнелді.</p> <p>Сол бойымен намысшыл қыз жатақханасының бесінші қабатынан секіріп кетті. Оның өмірі ерте үзілді. Семсердей өткір айтқан сөздері ол оқыған оқу орнынан бірде бір қазақ қызын қудалатпай, оқуынан қудырмай, жала жапқызбай сақтап қалды.</p> <p>Аянна: Желтоқсанда шындық жырын шырқаймын деп шарқ ұрдың.</p> <p>Желтоқсанда егеменді ел болсақ деп талпындың.</p> <p>Кеудеңде әлі сызы жатыр сол кездегі салқынның</p> <p>Айналайын, айналайын жас өркені халқымның!</p> <p>Міне, өмірден тағы бір қыршын жас қызғалдақ осылай кеткен еді. Алматы музыка училищесінің студенті Ләззат Асановаға өзін-өзі өлтірді деген өтірік жала жабылған еді. Тексере келе Ләззаттың алаңда болғаны анықталады. КСРО Жоғарғы кеңесі Президиумының шешімі мен 1988 жылғы 28 сәуірдегі указымен Қайратқа кешірім жасалып, 20 жыл бас бостандығынан айыруымен ауыстырылды.</p> <p>Алайда, бұл хабар Қайратты қуантпа алған жоқ.</p> <p>Қайраттың хаты ұнтаспадан жіберіледі.</p> <p>«Міне, өздерің естігендей ату жазасын 20 жылға ауыстырды. Бұл әрине, біреуге қуаныш, біреуге азап. Өз басым бұл үшін қуанғам жоқ. Өйткені, асыл анашым, түсініңізіші! Мен сорлы бұл тас зынданда жазықсыздан жазықсыз еш отырғым келмейді. 11 ай ішінде қайғы-қасіреттен әбден жүйке тамырым жұқарды. Әбден шаршадым. Сол себептен 20 жыл бойы өз-өзімді қинағым келмейді.»</p> <p>1988 жылы 21 мамырда Семей қаласындағы түрменің 21- камерасында Қайрат 21 жасында «өзін-өзі өлтірді» деген атпен құпия түрде қаза тапты.</p> <p>Ән «Желтоқсан желі»</p>
<p><b>Сергіту сәті</b></p>	
<p><b>Қорытынды:</b></p>	<p>Желтоқсан оқиғасы біздің еліміздегі дүние жүзіне мойындатқан күн. Тәуелсіздік алған 1991 жылдың 16 желтоқсаны — ел тарихында кейінгі ұрпақ мәңгі қастерлеп, ардақтап өтетін күн. Алдағы келе жатқан тәуелсіз елдігіміздің ұлық мерекесі Тәуелсіздік күні құтты болсын!</p>
<p><b>Бағалау:</b></p>	<p>Мұғалім әртүрлі критерийлерге қарап, оқушыларды бағалайды.</p> <p>Ал, балалар, сендер мына аралдардың ішінде қай аралдасыңдар?! Белгілеп, өз ойыңды айтыңдар</p>

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.